

ЗАХИРИДДИН МУХАММЕД БАБЫРДЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Сайфудинова Насиба

Шыршық мемлекеттік педагогика университеті Қазақ тілі мен әдебиеті
бағытының 1-курс студенті

Байзаков Жандос Абдазимович

Ғылыми жетекшісі: (PhD) Шыршық мемлекеттік педагогикалық
университетінің оқытушысы

АННОТАЦИЯ

З.М.Бабырдың өмірі мен шығармашылығына шолу. Бабырды танымал еткен дастан "Бабырنامه" және оның мазмұны жайлы сөз өрбиді. Бабырдың әкесінен жетім қалып, жастайынан таққа отырып жаулап алған елдері мен жасаған шабуылдары жайында мәлімет беріледі.

Кілт сөздер: жазушы, халық, ержүрек, ұлы, хан, қамал, тығыз, аштық шабуыл.

ABSTRACT

An overview of ZM Babur's life and work. The saga that made Babur famous, "Baburname" and its content are discussed. Babur was orphaned by his father, and he ascended the throne at a young age. Information is given about the countries he conquered and the attacks he made.

Keywords: writer, people, brave, great, khan, castle, tight, hunger, attack.

КІРІСПЕ

Тарихтан білеміз 16-ғасырдан бастап 19-ғасырға дейін Үндістан жерінде Бабырилер әулеті үстемдік еткен. Үнді елін дамытумен бірге әділеттілік орнатқан. Ұлы жазушы З.М.Бабыр 1483 жылы 14-ақпан күні Әндіжанда әлауқатты жанұяда дүниеге келген. Оның әкесі Ферғана облысының әкімі болса, анасы Ташкент ханының қызы болған. Захириддин жастайынан саяхаттауды ұнататын. Мұндай сапарларда тіпті шындалған. Жастығына қарамастан, ол біздің елдің географиялық келбетін елестете алды. 15-16 жасында ғалым Ферғана, Самарқанд және Ташкентке бірнеше рет саяхаттаған. 19 жасында ол Гиссардан тауға көтеріліп, Фондарё және Искандаркөл өзендерінен өтіп, Зарафшан аңғарына өтіп, Самарқандқа келеді. Ол бұл туралы былай деп жазады:

«..Біз Камруд шатқалына кіріп, жоғары көтерілдік. Көптеген аттар мен түйелер тар және тік жолдарда, биік және тік асуларда қалды. Үш-төрт жерге түсіп, Сиратағ асуына жеттік. Довонмисан-довон. Біз ешқашан мұндай биік және тік жолдардан өткен емеспіз. Көптеген қобалжулар мен қиыншылықтардан кейін біз Фон ауданына келіп, қауіпті тар мен сайларды жеңіп, апатты биіктер мен тар асуларды өте азап пен азаппен еңсердік. Фоны таулар арасында үлкен көл бар, оның ортасы шарифат деңгейінде, таңғажайып көлде; Бабырдың бұл сапары 480 жыл бұрын болғанын ескерсек, оның шытырман оқиғаларға деген құштарлығына сенімді бола аламыз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тағдыр тауқыметімен 1494 жылы әкесі өмірден озғанда Бабыр небәрі 12 жаста болған. Әйтесе де ол әкесінен соң Ферғана облысының әкімі етіп тағайындалады. Алғаш Ауғанстанға орналасады, 1519 жылы Үндістанға жол алып, оның біраз бөлігін басып алады. Бабыр жастайынан Әлішер Науаидың шығармаларын зейін қойып оқып, жат алып жүрген. Ескіше хат тануға аса қатты қызықпаса да, ән-жырға деген ынтасы аса мол болған. Бабыр сөзі "Шер" деген мағынаны білдіреді. Жастайынан аңшылықтың қыр-сырын үйреніп өзінің батырлығымен көзге түседі. Бабыр жайлы айтар болсақ ол өз елін аңсап, өзге елде сағынышқа толы жыр-маржандарын жинап жүрген. Халық арасында Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол деген мақал бар. Кей деректерде осы сөзді Бабыр айтқан деп те жүреді. Захириддин Мухаммед Бабырдың ең үлкен шығармаларының бірі ол "Бабырнама" болып, ол әлем әдебиетінде ерекше орыға ие таптырмас мұра. Аталмыш шығарма баяғы Шығатай тілінде жазылған деседі. Бабырнама дастанында Орта Азия, Ауғанстан және Үндістан елдерінің тарихы баяндалады. Дастандағы әрбір оқиға жазушының өмірі мен тәжірибесіне тығыз байланысты. Дастанды үш бөлімге бөліп қарастырамыз. Олар Бабырдың Мауараннахрда (1494-1523) Ауғанстанда(1504-1524) және Үндістанда(1524-1530) жылдар аралығына тура келеді. Ол елдерге жаяу және атты әскерлермен жасаған жорқтары жайлы жазып өтеді. Сонымен қатар, Темір әулетінің бірлігі жоқ ел екендігін, салықтармен аш халықты тонап, гүлденіп тұрған жерін харабаға айналдырғанын ашына баяндайды. Бабырдың Темірлер әулетінен жерін, елін қайтарып алуға жасаған қаншама жорықтары сәтсіздікке ұшырған, шабуылдары жоққа шыққан Бабыр өз елінен безіп, жат елге бет бұрады. Яғни, Үндістаға жол тартады. Шайбаниханның 1501 жылы Самарқант халқын қоршап алып, аштықта қамалды ұстап 1504 жылы бағындырады. Сол жылы Ферғананы уақыт өте Әндіжанды жаулап алып Бабырды Бадахшанға сүргім еткені Бабырнама дастанында дәлелімен беріліп отыр. Осы оқиғаның барлығы күні, айы жылымен нақты деректермен шығарманың үшінші бөлімінде беріліп отыр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі таңда Үндістанда Бабырилер әулетінен қалған жәдігерліктерді көруімізге болад. Жыл сайын туризм саласын байытып отыр. Жастайынан әкесіне жетім қалып, жас болса да таққа отыруға мәжбүр болады. Сүйтеді де басқаруды өз қолына алады. Өмірі барысында өзінің туған жеріне қайта алмай, қиналып өткен. Әйтсе де өзге елде болса да, сол елдің өркендеуіне зор үлес қосқан. Бабырнама дастанын оның атағын әлемге мәлім етті. Тарихта бұл шығарма шежіре есебінде де қарастырылады. Авторлық шежіре тарихи дерек әрі тарихи мемуарлық туынды деп есептеледі. Бабырдың ғылыми мұрасы маңызды тарихи-географиялық қайнар ретінде ғалымдар әлі күнге дейін кең зерттеліп келеді. «Бабырнама» араб, парсы, хинди, ағылшын, неміс, француз, голланд және түрік тілдеріне аударылған, көптеген даналары әлемнің беделді кітапханаларында сақтаулы. XX ғасырда Орта Азияны зерттеген венгр саяхатшысы А.Вамберидің айтуынша, «Бабырдың Бабырнама әлемдік әдебиетте Юлий Цезарьдің түсіндірмелері сияқты маңызды».

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ: (REFERENCES)

- 1)Х.Сүйшәлиев. "Қазақ әдебиетінің қалыптасуы" Алматы 1967ж
- 2)Н.Келімбетов "Ежелгі дәуір әдебиеті"
- 3)З.М. Бабыр "Бабырнама" Алматы 1993ж
- 4)Кәрібаев Б.Б Шайбани ханның қазақтарға жасаған 4 жорығы. Ақиқат №6, 19ж